

«Аманат» және «Болашақ» ның меңгерушісі
А.А.Бергеналиева

«Бекітемін»



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023- 2024 оқу жылына арналған

ұйымдастырылған іс-әрекеттің циклограммасы

«Болашақ» мектепалды тобы

Тәрбиеші: А.Б.Пазыл

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы

Топ: «Болашақ» мектепалды тобы

Бала жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09. 2023ж

Тәрбиеші: А.Б.Пазыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма 01.09.2023ж
Балаларды қабылдау	Қабылдау: балаларды тексеру, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Музыка*				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)					Д.о.«Тәулік бөліктерін ата!» Күтілетін нәтиже:Балалар тәулік бөліктерін атап, ажыратып айтыпбереді. Еркін ойын.
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Музыка* Дене шынықтыру*				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Қазақ тілі*				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Кіріктірілген ҮІӨ байланысты әр кезеңге орай суреттер, түрлітүті қағаз, желім, ермексаз, т.б. әзірлеп қою.</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p>					<p>Сауат ашу негіздері "Дыбыс және әріп" Міндеттер: Балаларға сөздің құрылымын, әріптер мен дыбыстардың ерекшелігін ажыратуды үйрету. Сөздік қорын, ауызекі сөйлеу тілін дамыту. Адамгершілік қасиеттерін дамыту, еңбекке баулу. Дене шынықтыру "Тақтайшаның үстімен адымдап жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларға тақтайшаның үстінен аяқтың ұшымен және өкшемен адымдап жүруді үйрету. Көркем әдебиет</p>

					<p>"Ш. Шаяхметов «Білім - бұлағың» (өлеңімен танысу)" Мақсат-міндеттері. Балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білім - бұлағың» өлеңін оқу, балаларға үйрету, сөздердің мағыналарын түсіндіру.</p> <p>Сурет салу "Гүл бағымызда өскен ақкекірелер". Мақсат-міндеттері. Балаларды серуен кезіндегі бақылаудан кейін және елестету нәтижесінде қылқалам мен гуашь (акварель) бояулары арқылы ақкекірелердің қарапайым сұлбаларын салуды үйрету.</p> <p>Мүсіндеу "Ақкекіре гүлі"</p>
--	--	--	--	--	---

					<p>Мақсат-міндеттері: ермексаздан ақкекіре гүлін мүсіндеуге үйрету; гүл бөліктерін біріктіру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Жапсыру "Гүлдер алаңы" Мақсат-міндеттері: қағаздан гүл бөлшектерін қиып, ақкекіре гүлін жапсыруға үйрету; ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын дамыту.</p> <p>Құрастыру "Гүлзар" Мақсат-міндеттері: кұрылыс және қағаз материалдарынан гүлзар құрастыруға үйрету; шығармашылық қиялын дамыту.</p>
--	--	--	--	--	---

Серуенге дайындық	Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Серуен					Картотека №2 1.Күзгі ағаштарды бақылау

					Қ.о. «Кім жылдам?» Міндеттері: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Еркін ойын.
Серуеннен оралу	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Түскі ас	Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі. Қазақ тілі*				
Күндізгі ұйқы	Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық әрекет: түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу. Музыка*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Музыка – шығармашылық әрекет: балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту. Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер: реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру. Музыка* Дене шынықтыру*				
Бесін ас	Ас адамның арқауы. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өздері отырып тұру тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу майлықты қолдану керектігін еске түсіру тамақ ішер алдында балалар бір біріне астың дәмді болуын тілеп тамақтан соң алғыс айтулары керек екенін айту. Қазақ тілі*				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)					Дидактикалық ойын. "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттері. Балалардың заттар туралы ұғымдарын тиянақтау; байланыстыра сөйлеу, ойлау, зейін, түйсік қабілеттерін дамыту. Құралдар.

					<p>Дорба, әртүрлі ойыншықтар мен заттар. Шарты. Балалардың алдына шыққан ойыншы қолын дорбаға салып, затты ұстап, сипап тануға тырысуы; көрген заттың қандай материалдан жасалғаны, адамға қажеті туралы баяндау. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</p> <p>Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтарды жөндеу шеберханасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар жайындағы білімдерін нығайту, шығармашылықпен ойлану, нәтижелі қарым-қатынастар жасай білу</p>
--	--	--	--	--	---

					<p>қабілеттерін дамыту, заттардың қасиеттеріне қызығушылықтарын арттыру.</p> <p>Құралдар: кұрастырылатын ойыншықтар (көліктер, дене мүшелері алынбалы пластик қуыршақтар, лега ойыншықтар, жұмыртқаға салынатын тосынсый ойыншықтар).</p> <p>Шарты. Балалар өз қалаулары бойынша немесе топтастардың көрсетуімен шеберлердің рөлін ойнайтын балаларды тағайындайды. Олар үшін педагог белгілі бір бұрышты ұйымдастырып, әдемі безендіріп қояды. Ойыншы балалар сынық ойыншықтарын шеберлерге көрсетеді,</p>
--	--	--	--	--	---

					шеберлер сынық ойыншықты зерттеп, жөндеп береді. Ойыншылар шеберлерге жұмысының ақысын төлейді. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, шығармашылық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)
Балалармен жеке жұмыс					Жеке жұмыс Дияр Айша Калекенова Алия Ербулат Мадина "Менің әжем" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын туыстық атауларды білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қазақ тілі)
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, дене шынықтыру)
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі)</p> <p>Міндеттер. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту.</p> <p>Шығармашылық дағдыларды дамытуға арналған ойындар.</p> <p>Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)</p> <p>Міндеттер. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту.</p> <p>Өнер бұрышында білім тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</p> <p>Міндеттер. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.</p> <p>Еркін ойындар.</p>
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. Ата-аналарға кеңес. "Баланың белсенділігі — денсаулық кепілі".

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы

Топ: «Болашақ» мектепалды тобы

Бала жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09 - 08.09.2023ж.

Тәрбиеші: А.Б.Пазыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 04.09.2023ж	Сейсенбі 05.09.2023ж	Сәрсенбі 06.09.2023ж	Бейсенбі 07.09.2023ж	Жұма 08.09.2023ж
Балаларды қабылдау	Қабылдау: балаларды тексеру, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Музыка*				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	"Ұйымдастырылған іс-әрекетіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсат-міндеттері. Тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен	"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалға қажеттіліктері туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтардан қалай	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртіп, орындарына қоюды	"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату". Мақсат-міндеттері. Балалардың тәртіпке саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды	"Ойыншықтарды тәртіпке келтіру". Мақсат-міндеттері. Жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре

	<p>жабдықтарды ұқыпты салуды үйрету. (танымдық іс-әрекет, қазақ тілі, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Айналадағы табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық танытуға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>	<p>үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынтаны, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>таңдау қабілетін жетілдіру. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>білуді дамыту; сумен жұмыс істегенде ұқыптылықты дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>
Ертеңгілік жаттығу	<p>Қыркүйек айына таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Музыка* Дене шынықтыру*</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық дағдылар Міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Арпа-бидай ас екен, Алтын-күміс тас екен. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Отбасы» тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (танымдық іс-әрекет, шығармашылық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)
---	--

Ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>"Буынға бөлейік"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға сөз бен буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын үйрету.</p> <p>Қазақ тілі</p> <p>"Балабақшамен танысу. Ойыншықтар әлемі".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Тәрбиеленушілерді</p>	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>"Буынға бөлейік, пысықтау"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға сөз бен буын туралы түсінік беру, сөздерді буынға бөлуді үйрету. Сөзде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын пысықтау.</p> <p>Математика негіздері</p> <p>"Мен және менің достарым".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды сандар</p>	<p>Математика негіздері</p> <p>"Мен отбасымда нешіншімін?"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға реттік сан есімдер туралы ұғымдарын жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыру.</p> <p>Қазақ тілі</p> <p>Дыбыстар мен әріптер.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалармен бірге</p>	<p>Математика негіздері</p> <p>"Мен отбасымда нешіншімін?"</p> <p>пысықтау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға реттік сан есімдер туралы ұғымдарын жандандыру; тура және кері санаудың негіздерін қалыптастыруды пысықтау.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>"Біздің балабақша тақырыбында</p>	<p>Сауат ашу негіздері</p> <p>"Сөзбен танысайық. Сөздер мен дыбыстар".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Сөз бен дыбыс туралы түсінік беру. Сөздің бірнеше дыбыстан құралатынын, дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>"Төрт тағандап жүріп,</p>
----------------------------------	--	---	---	---	---

	<p>амандасу және қоштасу кезінде айтылатын сөз тіркестерімен таныстыру; үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетуді, қарым-қатынас барысында әдептілік сөздерін қолдануды әдетке айналдыру; ойыншықтардың түрлері мен атауларын ажыратуды үйрету; [-ә], [-ө] дыбыстарымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі [-ә], [-ө] дыбыстарын дұрыс дыбыстауды үйрету; ұқыптылыққа, қамқорлыққа,</p>	<p>жолағымен таныстыру, алты саны көлеміндегі сан мен цифр туралы ұғымдарын қалыптастыру; "бір" цифрымен таныстыру.</p> <p>Музыка</p> <p>"Білімнің - бұлағың"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға күйді тыңдай отырып, сырсипатын ажырата білуді үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>"Біздің балабақша тақырыбында</p>	<p>сауат ашу әлеміне саяхат жасау арқылы дыбыстар мен әріптер туралы түсінік беру, оларды бір-бірінен айыра білуді үйрету және дыбыстау арқылы әріптерді айтқыза отырып, әріп сырын ұғындыру. Балаларға сөйлем туралы түсінік беру. Жазуға қолдарын жаттықтыру, қаламмен жазуды үйрету. Балаларды балабақшаның тыныс-тіршілігімен таныстыру. Сурет бойынша әңгіме құрастыру арқылы сұрақтарға толық</p>	<p>әңгімелесу" пысықтау.</p> <p>Мақсат-міндеттері. "Біздің балабақша" тақырыбында әңгімелесу, балабақша және балабақшадағы күн тәртібі, күнделікті әдептілік ережелері туралы ұғымдар қалыптастыруды пысықтау.</p> <p>Музыка</p> <p>"Оқу - білім азығы"</p> <p>Балаларды күйді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің мағынасын түсініп айта білу қабілетін</p>	<p>допты баспен итеру".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін және баянат (рапорт) қабылдау ережесін қалыптастыру; еңбектеп жүріп, допты баспен итеруді үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет</p> <p>М. Төрежанов «Қамқорлық».</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, әңгімені мұқият тыңдауды, диалог сөздерді мәнеріне келтіріп айтуға дағдыландыру.</p>
--	--	--	---	---	--

<p>достық қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>"Допты тез лақтырамыз".</p> <p>Міндеттері.</p> <p>Балаларды сапта бір қатарда тұру және жүру; шашырап жүгіру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыруды үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>әңгімелесу".</p> <p>Мақсат-міндеттері. "Біздің балабақша" тақырыбында әңгімелесу, балабақша және балабақшадағы күн тәртібі, күнделікті әдептілік ережелері туралы ұғымдар қалыптастыру.</p>	<p>жауап беруді үйрету. Баланың зейінін арттыру, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту; ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>"Паровоз алдыға басып барады".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір қатармен жүгіру; алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеуді</p>	<p>қалыптастыру; музыка әуені мен ырғақтық қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын және дыбысты есту қабілетін жетілдіруді пысықтау.</p> <p>Қоршаған ортамен танысу</p> <p>"Балабақша қызметкерлерінің еңбегі".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың балабақшада қызмет ететін әр мамандық иелері жайлы түсініктерін бекіту, меңгерушінің қызметі туралы мәлімет беру;</p>	<p>Сурет салу</p> <p>Суретте заттардың бейнелерін, оларға тән ерекшеліктері бар ертегілердің кейіпкерлерін, объектілер арасындағы кеңістіктік қатынастарды, олардың қарапайым семантикалық байланыстарын жеткізу қабілетін жетілдіру.</p> <p>Мүсіндеу</p> <p>"Көмекшіміз".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды тұзды қамырды жұмсарту; қамырдың үлкен кесегінен кіші кесекті үзіп алу, қамырды домалату, жалпайту, жаю, шымшып бір-біріне біріктіру</p>
---	--	--	--	---

	<p>"Күз келді балабақшама!"</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың жанды және жансыз табиғат нысандары жөнінде негізгі ұғымдарын кеңейту; балабақша маңайында ауа райын бақылау кезінде күзгі құбылыстарды байқап, бір-бірінен ажырата білуді үйрету.</p>		<p>үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет</p> <p>"Ш. Шаяхметов «Білімің - бұлағың» (өлеңімен танысу)" пысықтау</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балабақшаға, мектепке барған балалардың қуанышты сәттерін әңгімелеу. «Білімің – бұлағың» өлеңін оқу, балаларға үйрету, сөздердің мағыналарын пысықтау.</p>	<p>үйлесімді қарым-қатынас жасау, еске сақтау қабілеттерін дамыту.</p>	<p>әдістерін пайдалана отырып мәнді жасауды үйрету.</p> <p>Жапсыру Қайшыны қолдану дағдыларын бекіту: жолақтарды тіктөртбұрыштарға кесу, квадраттарды үшбұрыштарға кесу, дөңгелек және сопақ пішіндерді кесу, квадраттың немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын кесу.</p> <p>Құрастыру Қағаз цилиндрлерден қазақтың ұлттық бас киімдерін (бас сүйек, сәукеле, кимешек) және ыдыс-аяқтарды жасау, оларды ою-өрнектермен безендіру қабілетіне үйрету.</p>
Серуенге дайындық	Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Серуен	Картотека №3	Картотека №2	Картотека №1	Картотека №4	Картотека №5

	<p>1. Күз мезгілінің өзгерістерін бақылау. 2. Қ.о. «Күн мен түн» Күтілетін нәтиже: Балалар шеңберге тұрады. Екі бала «күн мен түн» болып рольге бөліп ойнатылады. 3. Еңбек: ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.</p>	<p>1. Жердегі жапырақтарды бақылау. 2. Қ.о. «Өз орныңды тап» Күтілетін нәтиже: Балалар араласып жүреді, команда бойынша өз орындарына тұрады. 3. Өз бетімен ойын.</p>	<p>1. Ауа райын бақылау. 2. Қ.о. «Кім жылдам?» Күтілетін нәтиже: Команда бойынша белгілі міреге жетіп, жалауды көтереді. 3. Балалардың қалауы бойынша ойын.</p>	<p>1. Сарғайған жапырақтарды бақылау. 2. Қ.о. «Жапырақты түсіне қарай жина» Күтілетін нәтиже: Балалар түсіне қарай себетке жинап салады. Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу.</p>	<p>1. Күзгі ағаштарды бақылау Қ.о. «Кім жылдам?» Күтілетін нәтиже: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Еркін ойын.</p>
Серуеннен оралу	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Түскі ас	<p>Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі. Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Арпа-бидай ас екен, Алтын-күміс тас екен. Ереже: Тамақ ішер кезде енді, Сөйлемейміз күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				

Күндізгі ұйқы	Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық әрекет: түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу. Музыка*				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Музыка – шығармашылық әрекет: балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту. Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер: реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру. Музыка* Денешынықтыру*				
Бесін ас	Ас адамның арқауы. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өздері отырып тұру тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу майлықты қолдану керектігін еске түсіру тамақ ішер алдында балалар бір біріне астың дәмді болуын тілеп тамақтан соң алғыс айтулары керек екенін айту. Қазақ тілі*				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Д.о. «Дыбысын тап!» Мақсаты: Төлдердің дыбысын тауып, қимылын көрсетеді. Мәэ, бе-е деп дауысты дыбысты айтады	Д.о. «Жалғыз алма» Мақсаты: Балалар ертегінің мазмұнын айтады. Табиғи материалдан алмұрт ағашын құрастырады.	Д.о. «Жануарлар мен құстарды ажырат» Мақсаты: Тақырыбы: Жабайы жануарлар мен құстарды ажыратуды біледі.	«Ертегіні сахналап көрсет» ойыны. Мақсаты: Үйшік ертегісін еске түсіріп, сахналау арқылы көрсетеді.	«Ертегі кейіпкерін сипатта» ойыны. Мақсаты: Кітаптар қарап, ертегі кейіпкерлерін сипаттап береді. Қасиеттерін ажыратады.
Балалармен жеке жұмыс	Алдияр Ясмин Утегенов Уалихан Хайыржанов Айсұлтан "Менің отбасым", отбасы тақырыбында мақал-мәтелдер айтқызу. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөйлеу тілін дамыту; отбасы туралы білімдерін	Махамбет Темірлан Амангелді Амир "Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөйлеу тілін дамыту. Мысалы: Бір үйде біз нешеуіміз?	Дияр Айша Мақсот Медина "Жоғалған зат" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы. Педагог үстелдің үстіне бірнеше затты қояды. Бала	Ербулат Мадина Серік Әміре "Отбасы" тақырыбында санамақтар айтқызу. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөйлеу тілін дамыту. Мысалы: Бір үйде біз нешеуіміз?	Калекенова Алия Мереке Әмір Умиржанова Линда Санамақтар айтқызу. М. Қуанышбеков "Санамақ". Екі көз бен қос құлақ Бір бас пенен бір мұрын Нешеу болды қос шырақ,

	жетілдіру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)	Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде - бесеуіміз. (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)	оларға мұқият қарап алған соң, теріс қарап тұрады. Педагог үстелден бір затты алып тастайды. Бала қай заттың жоғалып кеткенін табу керек. Заттардың санын біртіндеп көбейтуге болады. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Кел, санайық, екеуіміз. Бас бармағым - атам, Балаң үйрек - апам, Ортан терек - әкем, Шылдыр шүмек - анам, Кішкентай бөбек - мен. Біз үйде нешеуіміз? Біз үйде - бесеуіміз. (қазақ тілі, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Санап шығар кім бұрын?! Екі аяқ пен екі қол, Бір ауыз бен бір тілің. Нешеу болды, қане, бол, Санап шығар кім бұрын?! Сұқ саусағым суға барды Ортаң қолым орақ орды. Аты жоғым ағаш жарды, Жұмсамапты алақаным, Тек шынашақ - балапанын. (танымдық іс-әрекет, қазақ тілі, зерттеу іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі киінулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	1.Кешті бақылау. 2. «Кешкі көрініс қандай» әңгімелесу. 3. Еркін ойындар.	Бұлтты бақылау. Дидактикалық ойын: «Бұл не зат?» Мақсаты: Затты атап,сипаттап үйрету.	Қ.о. «Бағдаршам» Міндеттер: Қызыл-көзім жүр, Жасыл- көзім тұр, Сары көзім әзірлен.	Қ.о.«Кім жылдам» Міндеттер: Балалар тез қимылдап, снауды біледі. Ретіне қарай	1.Желді бақылау. 2. Желдің қай бағыттан соғатынын анықтау. Қ.о. «Жел соқты»

		Еркін ойын.		өз орындарына орналасады.	Міндеттер: Желдің дыбысын айтып, тілдерін дамыту. Ш-ш-ш, ж-ж-ж т.б.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Театрлық қойылым. "Алма" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Балалардың естеріндегі әйгілі ертегінің мазмұнын жаңғырту, еске сақтау, ой-қиял, эмоциялық, пантомимикалық,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттер. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттер. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттер. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Міндеттер. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың

<p>карым-қатынас қабілеттерін дамыту. Құралдар. Алма ағашының пішіні, ертегіге қатысатын кейіпкерлердің (қоян, қарға, аю, кірпі) киімдері, маскалары. Шарты. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар өз қалаулары бойынша кейіпкерлерді таңдайды, өз костюмдерін киіп, орындарына барады. Алғашында, педагог автор рөлін өзі алады, балалардың арасынан автордың рөлін орындайтын баланы ұсынуға болады.</p>	<p>дауыссыз дыбыстарды анықтау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша, ойыншықтар тақырыбында әндер жаттау. (музыка) Міндеттер. Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру. Өнер бұрышында балабақша, ойыншық тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</p>	<p>әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша, ойыншықтар тақырыбында әндер жаттау. (музыка) Міндеттер. Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты</p>	<p>өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша, ойыншықтар тақырыбында әндер жаттау. (музыка) Өнер бұрышында балабақша, ойыншық тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Міндеттер. Сазбалшық, ермексаз және пластикалық</p>	<p>еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Музыкалық аспаптармен ойындар. Балабақша, ойыншықтар тақырыбында әндер жаттау. (музыка) Өнер бұрышында балабақша, ойыншық тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Міндеттер. Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік</p>
---	--	--	---	---

	<p>Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді сомдаған балаларды алдыға шығарады. Қайсы, кімнің рөлін атқарғанын көрермендерге таныстырып жатады. Артист балалар иіліп, көрермендерге құрмет көрсетеді, қошемет пен мақтауға ие болады. Қойылым соңында балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекеттеріне қысқаша талдау жасатады. Музыкалық аспаптармен ойындар.</p>	<p>Арт-терапиялық суреттерді бояу. (шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</p>	<p>жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Өнер бұрышында балабақша, ойыншық тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті) Міндеттер. Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың</p>	<p>массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу. (шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</p>	<p>қатынастарды жеткізе білу. (шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</p>
--	---	--	--	--	---

	<p>Балабақша, ойыншықтар тақырыбында әндер жаттау. (музыка)</p> <p>Өнер бұрышында балабақша, ойыншық тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)</p> <p>Арт-терапиялық суреттерді бояу.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</p>		<p>бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.</p> <p>(шығармашылық іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, қазақ тілі)</p>		
Балалардың үйіне қайтуы	<p>Ата-аналарға үйге кітап беріп, балаларына оқып беру керектігі айтылды.</p>	<p>Жолда жүру ережелері туралы кеңес берілді.</p>	<p>«Менің үйім - менің отбасым» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.</p>	<p>«Отбасындағы еңбек тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.</p>	<p>«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».</p>

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы

Топ: «Болашақ» мектепалды тобы

Бала жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.09 - 15.09.2023ж.

Тәрбиеші: А.Б.Пазыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 11.09.2023ж	Сейсенбі 12.09.2023ж	Сәрсенбі 13.09.2023ж	Бейсенбі 14.09.2023ж	Жұма 15.09.2023ж
Балаларды қабылдау	Қабылдау: балаларды тексеру, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Музыка*				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу. «Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Сөйлеуді дамыту. Д.о.«Дыбыстардың орнын анықта!» Міндеттері: Балалар суретке қарап, атауын айтады. Дуысты дыбыстарды орнын анықтап айтады.	Математика негіздері Д.о. «Бұл неге ұқсайды?» Міндеттері: Суреттегі заттарды көрсетіп қандай пішінге ұқсайтынын тауып, ажыратады.	Д.о. «Дауыссыз дыбыстың орнын тап!» Міндеттері: Дауыссыз дыбыстардың орнын тауып көрсетеді. Суреттен бірінші	Қазақ тілі «Жануарлар мен құстарды ажырат» ойыны. Міндеттері: Жабайы жануарлар мен құстарды ажыратуды біледі,	Д.о.«Тәулік бөліктерін ата!» Міндеттері: Балалар тәулік бөліктерін атап, ажыратып айтыпбереді. Еркін ойын.

			дыбысын айтып белгілейді.	оларды сипаттайды.	
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Музыка* Денешынықтыру*				
Таңғы ас	<p>Астарың дәмді болсын!</p> <p>Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Қазақ тілі*</p> <p>Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.</p> <p>М. Жаманбадиев "Екі қол".</p> <p>Қолжуғыштың қасына, (алға қарай жүреміз)</p> <p>Келе қалды балақан.</p> <p>Ысқылады асыға, (екі қолдың алақандарын қосып үйкейміз)</p> <p>Алақанды алақан.</p> <p>Қарады да сосын ол: (екі қолдың алақандарын ашу)</p> <p>«Тап-таза» деп қуанды.</p> <p>Қандай жақсы, екі қол, (екі қолын көрсетеді)</p> <p>Бірін-бірі жуады. (денемізді оңға бұру, екі алақанды үйкелеу) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Кіріктірілген ҰІӨ байланысты әр кезеңге орай суреттер, түрлі түсті қағаз, желім, ермексаз, т.б. әзірлеп қою.</p> <p>"Керекті киімді тап" үстел-үсті ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға қысқы және жазғы киімдерді ажыратуды үйрету; зейін, есте сақтау және логикалық ойлауды дамыту. (зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>				

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "Сөйлеммен танысайық". Міндеттері. Балалардың	Сауат ашу негіздері "Сөйлеммен танысайық". Міндеттері. Балалардың біліктері	Математика негіздері "Жұбын тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың "екі"	Математика негіздері "Ауылдағы қызықтар".	Сауат ашу негіздері "Дауысты дыбыспен танысайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға дыбыс
----------------------------------	---	---	---	---	--

	<p>біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; сурет бойынша сөйлем құрауды, байланыстыра сөйлеуді үйрету.</p> <p>Қазақ тілі "Отбасы мүшелері". Міндеттері. Балалардың отбасы мүшелері мен туыстары туралы білімдерін дамыту және толықтыру, отбасы туралы ұғымдарын кеңейту; [-қ] дыбысымен таныстыру, сөздер мен сөз тіркестеріндегі [-қ] дыбысын дұрыс дыбыстауды үйрету; отбасы мен туыстық атауларды білдіретін сөздерді қазақ тілінде түсінуге, айтуға, қолдануға</p>	<p>мен дағдыларын қалыптастыру; сурет бойынша сөйлем құрауды, байланыстыра сөйлеуді үйрету.</p> <p>Математика негіздері "Күнгізбені қалай қолдануға болады? (Қазақ халқының тәуліктегі уақытты мөлшерлеуі)" Мақсат-міндеттері. Балалардың уақыт, тәулік бөліктері ұғымдары туралы білімдерін бекіту; қазақ халқының тәулік бөліктерінің атауларымен таныстыру, өз күнгізбе жоспарын осы атауларға сәйкестендіруге жаттықтыру.</p> <p>Музыка</p>	<p>саны мен цифры жайлы білімдерін нақтылау; реттік сан туралы ұғымдарын жандандыру; заттарды санау арқылы салыстыру дағдыларын пысықтау.</p> <p>Қазақ тілі "Тіл бірліктері (буын, сөз, сөйлем). Отбасы мүшелері." Міндеттері. Өзінің аты-жөнін, тегін атау; ата-анасының, бауырлары мен әпкесіңділерінің есімдерін атау; өзінің туған күнін айту; отбасындағы өз міндеттерін атау және орындау; сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру; ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балалардың уақыт пен тәулік бөліктері туралы білімдерін кеңейту; тәулік бөліктерін ажыратып, нақты атауға жаттықтыру.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Отбасында біз бесеуіміз" пысықтау. Міндеттері. Балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып, баланың тілдік қабылдау нәтижелерін, сөйлеу мәдениетін дамыту.</p> <p>Музыка "Менің әжем ең жақсы адам" Міндеттері. Балаларды нотамен таныстыру, нота атаулары туралы түсінік беру; әнді тыңдай отырып, мағынасын түсініп,</p>	<p>туралы түсінік беру, дауысты, дауыссыз дыбыстардың ерекшелігі туралы түсінік беру.</p> <p>Дене шынықтыру "Қанат үстімен ауыспалы қадам жасап жүру" Мақсат-міндеттері. Балаларға қанат үстімен ауыспалы қадаммен жүруді үйрету; баянат (рапорт) қабылдау ережесіне дағдыландыру.</p> <p>Көркем әдебиет "Менің сүйікті ертегім. «Ақымақ қасқыр» қазақ халқының ертегісі." Мақсат-міндеттері. Ертегіні оқып беру, мазмұнын әңгімелеуді үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің</p>
--	---	---	--	--	---

	<p>дағдыландыру; айтылым, тыңдалым және еркін диалогке түсу қабілеттерін дамыту; отбасы мүшелері мен жақындарына сүйіспеншілік пен мейірімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру "Спорт - көркі өмірдің". Міндеттері. Балаларда қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу дағдыларын дамыту.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Отбасы және туыстарым"</p>	<p>"Сағындым, әже, сағындым" Міндеттері. Балаларды нотамен таныстыру және нота атаулары туралы түсінік беру; әнді мұқият тыңдау, мағынасын түсіну, сыр-сипатын ажыратуды үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Отбасында біз бесеуміз". Міндеттері. Балаларды отбасы мүшелерімен таныстырып, баланың тілдік қабылдау нәтижелерін, сөйлеу мәдениетін дамыту.</p>	<p>жетілдіру; оқу әрекетіне қызығушылығын дамыту; тыңда және түсіну, байланыстыра сөйлеу дағдыларын жетілдіру; балаларға сөйлем туралы түсінік беру; суретке қарап сөйлем құрау; балаларды ұғымталдыққа, әдептілікке тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру "Спорт - көркі өмірдің" пысықтау. Міндеттері. Балаларда қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу дағдыларын пысықтау.</p> <p>Көркем әдебиет</p>	<p>сыр-сипатын ажыратуды үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Саяхатшы балалар". Мақсат-міндеттері. Балалардың қоршаған табиғат туралы өрісін кеңейту; саяхаттау және жабайы табиғаттағы тәртіп ережелерімен таныстыру.</p>	<p>рөліне еніп, олардың сөздерін айтқызу арқылы байланыстыра сөйледі, кейіпкерлердің ерекшеліктерін, белгілерін дәл тауып, сипаттауды үйрету.</p> <p>Сурет салу "Менің үйім осындай" Мақсат-міндеттері: үйдің суретін салуға үйрету; заттарды кеңістікте дұрыс орналастыру дағдыларын жетілдіру; түстерді үйлесімді қолдануға жаттықтыру.</p> <p>Мүсіндеу "Үй" Мақсат-міндеттері: тұзды қамырмен жұмыс жасау тәсілдерін үйрету;</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>Міндеттер. Балалардың отбасы туралы түсініктерін тиянақтау, туыстық атауларды түсіндіру; отбасының барлық мүшелерін дұрыс атауды үйрету; отбасындағы адамдардың бір-біріне қамқорлықпен қарайтыны, жақсы көретіні, құрметтейтіні туралы түсініктерін дамыту; зейінін, ақыл-ойын, еске сақтау және түйсік қабілеттерін дамыту; отбасындағы өзара көмек сезімін тәрбиелеу.</p>		<p>М. Төрежанов «Қамқорлық». (пысықтау) Міндеттері. Қамқорлық ұғымы туралы түсінік беру, әңгімені мұқият тыңдауды, диалог сөздерді мәнеріне келтіріп айтуға дағдыландыру.</p>		<p>үй бөліктерін мүсіндеуге жаттықтыру; қол моторикасын дамыту. Жапсыру "Әдемі үй" Мақсат-міндеттері: қайшымен пішіндерді қиып, үй бейнесін құрастыруға үйрету; ұқыпты жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Құрастыру "Үй жиһаздары" Мақсат-міндеттері: құрылыс материалдарынан үй жиһаздарын құрастыруға үйрету; шығармашылық және құрастыру қабілеттерін дамыту.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау</p>				

Серуен	Картотека №6 1.Сарғайған жапырақтарды бақылау. 2. Қ.о. «Жапырақты түсіне қарай жина» Күтілетін нәтиже: Балалар түсіне қарай себетке жинап салады. Еңбек: Аула сыпырушыға көмектесу.	Картотека №8 1.Күзгі ағаштарды бақылау Қ.о. «Кім жылдам?» Күтілетін нәтиже: Күтілетін нәтиже: Шапшандыққа, ептілікке баулу. Еркін ойын.	Картотека №7 1.Ауа райын бақылау. 2.Қ.о. «Кім жылдам?» Күтілетін нәтиже: Команда бойынша белгілі міреге жетіп, жалауды көтереді. 3.Балалардың қалауы бойынша ойын.	Картотека №9 1. Күз мезгілінің өзгерістерін бақылау. 2.Қ.о. «Күн мен түн» Күтілетін нәтиже: Балалар шеңберге тұрады. Екі бала «күн мен түн» болып рольге бөліп ойнатылады. 3.Еңбек: ойын алаңындағы жапырақтарды жинау.	Картотека №10 1.Жердегі жапырақтарды бақылау. 2.Қ.о. «Өз орныңды тап» Күтілетін нәтиже: Балалар араласып жүреді, команда бойынша өз орындарына тұрады. 3.Өз бетімен ойын.
Серуеннен оралу	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Түскі ас	Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс, әдеп ережесі. Қазақ тілі*				
Күндізгі ұйқы	Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық әрекет: түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу. Музыка* Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио. Қ. Абдильдинаның әні. «Айым болып тудың ба» (музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Музыка – шығармашылық әрекет: балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту. Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер: реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру. Музыка* Дене шынықтыру*				

Бесін ас	Ас адамның арқауы. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өздері отырып тұру тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу майлықты қолдану керектігін еске түсіру тамақ ішер алдында балалар бір біріне астың дәмді болуын тілеп тамақтан соң алғыс айтулары керек екенін айту. Қазақ тілі*				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Д.о. «Дыбысын тап!» Міндеттері: Төлдердің дыбысын тауып, қимылын көрсетеді. Мәэ, бе-е деп дауысты дыбысты айтады	Д.о.«Жалғыз алма» Міндеттері: Балалар ертегінің мазмұнын айтады. Табиғи материалдан алмұрт ағашын құрастырады.	Д.о. «Жануарлар мен құстарды ажырат» Міндеттері: Тақырыбы: Жабайы жануарлар мен құстарды ажыратуды біледі.	«Ертегіні сахналап көрсет» ойыны. Міндеттері: Үйшік ертегісін еске түсіріп, сахналау арқылы көрсетеді.	«Ертегі кейіпкерін сипатта» ойыны. Міндеттері: Кітаптар қарап, ертегі кейіпкерлерін сипаттап береді. Қасиеттерін ажыратады.
Балалармен жеке жұмыс	Утегенов Уалихан Махамбет Темірлан Мақсот Медина Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. (танымдық іс-әрекет)	Амангелді Амир Серік Әміре "Табиғат әлемі" тақырыбында сюжетті суреттер қарастыру. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Алдияр Ясмин Умиржанова Линда Дидактикалық ойын. "От, су, аспан, жер". Мақсат-міндеттері. Балалардың тірі және өлі табиғат өкілдері жайында білімдерін нығайту; ой шапшаңдығын, елестету, зейін қабілеттерін дамыту; алғырлыққа, зияткерлікке тәрбиелеу.	Ербулат Мадина Калекенова Алия "Күз" тақырыбында сюжетті суреттер көрсету. Сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты талап ету. (танымдық іс-әрекет)	Дияр Айша Мереке Әмір Хайыржанов Айсұлтан Күз мезгіліне тән табиғи ерекшеліктерге байланысты жұмбақтар шешу. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)

			(қарым-қатынас іс-әрекеті)		
Серуенге дайындық	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	1.Кешті бақылау. 2. «Кешкі көрініс қандай» әңгімелесу. 3. Еркін ойындар.	Бұлтты бақылау. Дидактикалық ойын: «Бұл не зат?» Күтілетін нәтиже: Затты атап, сипаттап үйрету. Еркін ойын.	Қ.о. «Бағдаршам» Міндеті: Қызыл-көзім жүр, Жасыл- көзім тұр, Сары көзім әзірлен.	Қ.о.«Кім жылдам» Міндеті: Балалар тез қимылдап, снауды біледі. Ретіне қарай өз орындарына орналасады.	1.Желді бақылау. 2. Желдің қай бағыттан соғатынын анықтау. Қ.о. «Жел соқты» Міндеті: Желдің дыбысын айтып, тілдерін дамыту.Ш-ш-ш, ж-ж-ж т.б.
Балалардың үйіне қайтуы	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарына әңгіме жүргізу.	Балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың тазалығы туралы ата-аналармен әңгімелесу.	«Менің достарым» тақырыбына әңгімелесу.

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы

Топ: «Болашақ» мектепалды тобы

Бала жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.09 - 22.09.2023ж

Тәрбиеші: А.Б.Пазыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 18.09.2023ж	Сейсенбі 19.09.2023ж	Сәрсенбі 20.09.2023ж	Бейсенбі 21.09.2023ж	Жұма 22.09.2023ж
Балаларды қабылдау	Қабылдау: балаларды тексеру, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Музыка*				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Сөйлеуді дамыту. Д.о.« Сөз ойла» ойыны. Міндеті: Өртүрлі тәсілдер ақылы жаңа сөздер құрып айтады. Буынға бөліп тапсырманы орындайды.	Математика негіздері Д.о Ұзындығын тап!» Міндеті: Суреттегі заттарды айтып, ұзындығы бойынша салыстырып ажыратады.	Д.о.«Бір сөзден тұратын сөзді тап!» Міндеті: Сөзді дыбыстап, бірінші дыбысын ажыратып айтады.	Қазақ тілі * «Дыбыстарды ажырат» ойыны. Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратып, берілген әріпке сөз айтады. (ә-әтеш, қ-қуыршақ т.б.).	Д.о«Бұл қай кезде болады?» ойыны. Міндеті: Жұмбақ жасыру арқылы, жыл мезгілін тауып айтады. Сурет бойынша сөйлем құрайды.

Ертенгілік жаттығу	Қыркүйек айына таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Музыка* Дене шынықтыру*				
Таңғы ас	<p>Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Қазақ тілі* Гигиеналық дағдылар Міндеттер: әдептілік ережелерін бекіту. Түскі асқа дайындық, дастархан жайу; қызметшілермен әңгіме; балаларға мәзірмен таныстыру, оны жариялау; балалардың назарын үстелдердің эстетикалық дизайнына аудару. Көркем сөз Нан – ардақты адал ас Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Кіріктірілген ҮІӘ байланысты әр кезеңге орай суреттер, түрлітүті қағаз, желім, ермексаз, т.б. әзірлеп қою. "Туған тілім - тұғырым" атты салтанатты жиын ұйымдастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)				
Ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "Дауысты дыбыстар". Міндеттері. Дыбыс туралы түсінік беру, дауысты дыбыстың ерекшелігі туралы түсінік беру. Қазақ тілі	Сауат ашу негіздері "Дауыссыз дыбыспен танысайық" Міндеттері. Дыбыс туралы түсінік беру, дауыссыз дыбыстың ерекшелігі туралы түсінік беру. Математика негіздері	Математика негіздері "Қазақстанымды не үшін сүйемін?", пысықтау. Міндеттері. Балалардың сандар қатарымен таныстыруды жалғастыру, тура және кері санауды үйрету.	Математика негіздері "Қазақстанымды не үшін сүйемін?", пысықтау. Міндеттері. Балалардың сандар қатарымен таныстыруды жалғастыру, тура және кері санауды үйрету.	Сауат ашу негіздері "Дауыссыз дыбыспен танысайық" пысықтау. Міндеттері. Дыбыс туралы түсінік беру, дауыссыз дыбыстың ерекшелігі туралы түсінік беру. Дене шынықтыру "Жіптің астымен тура және жанымен еңбектеп өту".

<p>"Уақыт. Күн тәртібі және тәулік бөліктері". Міндеттері. Балалардың ұғымындағы күннің бөліктері туралы білімдерін кеңейту. Күндер, күн тәртібі туралы тұрақты түсінік қалыптастыру; уақыт ұғымын нақтылау, уақытпен санасу қажеттілігін көрсету; [ү] дыбысының дыбысталу ерекшеліктерін түсіндіру; халық шығармашылығының үлгілері мен уақыт туралы мақал-мәтелдермен таныстыру; уақытпен күн тәртібіне сәйкес іс-әрекеттері бар суреттерді таңдауда белгілі бір</p>	<p>"Қазақстанымды не үшін сүйемін?" Міндеттері. Балалардың сандар қатарымен таныстыруды жалғастыру, тура және кері санауды үйрету. Музыка "Бақа, бақа, бақ-бақ". Міндеттері. Балаларды халық әнін тыңдай отырып, мағынасын түсінуді үйрету; бақа туралы әнді айту кезінде музыкалық-қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру. Сөйлеуді дамыту «Суыр, сұңқар, су қайда?" ертегісі. Міндеттері. Балаларға ертегі арқылы судың маңыздылығын және</p>	<p>Қазақ тілі "Дауысты дыбыстар. Жуан және жіңішке дыбыстар". Мақсат-міндеттері. Артикуляциялық ерекшелігіне байланысты дауысты дыбыстар жуан және жіңішке болып бөлінетіні туралы түсінік беру. Есту, айту арқылы дыбыстарды түрлеріне қарай ажыратуды үйрету; ертегі тыңдатып, қиялдарын дамыту, ой-өрістерін кеңейту; сөздер мен дыбыстарды дұрыс айтуға даярлау және артикуляциялық аппаратын дамыту; білуге</p>	<p>Сөйлеуді дамыту «Суыр, сұңқар, су қайда?" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Балаларға ертегі арқылы судың маңыздылығын және судың адамзатқа, құстарға, жануарларға табиғаттың жанды құбылыстарына қажеттілігін түсіндіру. Музыка "Табиғат көрінісі". Мақсат-міндеттері. Балаларды халық әнін тыңдау, мағынасын түсінуді үйрету; бақа туралы әнді айту кезінде музыкалық-қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру. Қоршаған ортамен таныстыру "Қазақстанның қазба байлықтары".</p>	<p>Міндеттері. Балаларды баянат (рапорт) қабылдау ережесіне дағдыландыру; жіптің астымен тура және жанымен еңбектеп өтуді үйрету. Көркем әдебиет М. Жаманбалинов «Құлыншақ» (өлең), пысықтау. Мақсат-міндеттері. «Құлыншақ» өлеңімен таныстыру; балаларды көркем әдебиеттегі адамгершілік әлемімен таныстыру; еске сақтау қабілеттерін дамыту және сөздік қорларын молайту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру; туынды мағынасын түсіну, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін бағалау, олар жайлы айтуды</p>
--	---	---	--	--

	<p>«аз» және «көп» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту; сыпайы мінез-құлық, ар-намыс туралы мақалдармен таныстыру, «құрмет» сөзінің мағынасын түсіндіру; көлік түрін үшке (жер, әуе, су) жіктеуді үйрету; ұқыптылыққа, сыпайылыққа, қарттарға қамқор болуға, қоғамдық көлікте орын беруге тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру "Мен епті баламын". Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп жүргенде қолды жан-жаққа созып тік тұру; 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында "алты" саны мен цифры туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білуге машықтандыру; мөлшері алтыға тең заттарды салыстыру, беттестіру және тұстастыру амалдарын қолдануды жаттықтыру.</p> <p>Музыка "Ән салған кім?" Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілді әнге ықыласын ояту; әннің сөздік мазмұнын түсіне білуге және музыка әуенімен бірге би қимылдарын</p>	<p>дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларды [-қ], [-ғ] дыбыстары және Қ қ, Ғ ғ әріптерімен таныстыру. Қ қ, Ғ ғ әріптерін ауада жазып көрсету; [-қ], [-ғ] дыбыстарының айтылуы мен артикуляциясын салыстыру және нақтылау, буындарда, сөздерде, сөйлемдерде сұрақтарға жауап беру арқылы анық, дұрыс айтуды, ажыратуды үйрету; [-қ], [-ғ] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында,</p>	<p>Музыка "Құлан". Мақсат-міндеттері. Балалардың бақа туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдауды үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Қазақстан табиғатын қорғайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың Қазақстандағы жануарлар әлемі жөнінде білімдерін тиянақтау; еліміздегі және өзге жерлерде мекен еткен жануарлардың тіршілік ерекшеліктері жыл мезгілдерінде құбылыстарға</p>	<p>арттыру. Ертегіні түсініп тыңдауды үйретуді пысықтау.</p> <p>Жапсыру "Пароход". Мақсат-міндеттері. Балаларды пароход трафаретін қатты қағаз бетіне қарындаштың көмегімен бастырып, түрлі түсті қағаздарды ұсақтап жырту арқылы пароходты жапсыруды үйрету.</p> <p>Сурет салу "Теңіздегі пароход". Мақсат-міндеттері. Балаларды теңіздегі пароходтың суретін салуға үйрету; су мен көлік бейнесін қағаз бетіне үйлесімді орналастыру дағдыларын дамыту.</p>
--	--	---	---	---	---

	<p>дәлдеп лақтыруды үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Ұшақ туралы әңгімелер". Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік түрлерінің қызметі туралы білімдерін тиянақтау; алғашқы ұшақ қалай пайда болғаны жайлы тарихтан білім беру арқылы балалардың өнертапқыштық қасиеттеріне жол ашу; ойын ойнату арқылы көліктің түрлерін тануды бекіту.</p>	<p>үйлесімді орындауды үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Көлік түрлері". Мақсат-міндеттері. Балаларға көлік түрлерін ажыратуды, олардың ерекшеліктер тануды үйрету.</p>	<p>ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-к], [-ғ] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы, сөздердегі дыбыстарды анық айтуды үйретіп, еске сақтау, ойлау қабілетін дамыту.</p> <p>Дене шынықтыру "Мен епті баламын" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Балаларды сап түзеп жүргенде қолды жан-жаққа созып тік тұру; 2-2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты дәлдеп</p>	<p>байланысты екенін түсіндіру; Қазақстанның Қызыл кітабына енген жануарлар туралы түсініктерді қалыптастыру.</p>	<p>Мүсіндеу "Пароход". Мақсат-міндеттері. Балаларды ермексаздан пароходтың бөліктерін мүсіндеуге үйрету; ұсақ бөлшектерді ұқыпты жасау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құрастыру "Көңілді кеме". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаздан кеме құрастыруға үйрету; шығармашылық қиялы мен құрастыру дағдыларын дамыту.</p>
--	--	--	--	---	---

			лақтыруды үйретуді пысықтау. Көркем әдебиет «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі. Мақсат-міндеттері. Халық ертегілеріне қызығушылығын арттыру. Ертегіні түсініп тыңдауды үйрету.		
Серуенге дайындық	Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Серуен	Картотека №20	Картотека №23	Картотека №24	Картотека №21	Картотека № 22
Серуеннен оралу	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Түскі ас	Математика негіздері –коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі. Қазақ тілі*				
Күндізгі ұйқы	Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық әрекет: түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу. Музыка****				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Музыка – шығармашылық әрекет:балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту. Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер: реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру. Музыка**** Дене шынықтыру**				
Бесін ас	Ас адамның арқауы. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өздері отырып тұру тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу майлықты қолдану керектігін еске түсіру тамақ ішер алдында балалар бір біріне астың дәмді болуын тілеп тамақтан соң алғыс айтулары керек екенін айту. Қазақ тілі***				

<p>Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)</p>	<p>Д.о. “ Үй жануарлары” Міндеті: Үй жануарларының дене мүшелерің атауға, ажыратуға үйрету.</p>	<p>Үстел үсті ойыны. Міндеті: Балалармен бірлесіп конструктордан “Үй” ғимаратын құрастыру.</p>	<p>Кітап бұрышымен таныстыру, кітаптағы ертегіні “суретіне қарап айту.</p>	<p>«Ертегіні сахналап көрсет» ойыны. Міндеті: Қызыл телпек ертегісін еске түсіріп, сахналау арқылы көрсетеді.</p>	<p>Д.о. “ жер, су, ауа, от” ойыны Міндеті: Балалардың ойлау қабілетін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Мақсат Медина Алдияр Ясмин Дидактикалық ойын. "Қазынасы бар сандық". Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Көрнекі құралдар. Қорап (сөмке); қорапқа (сөмкеге) салынған кез келген жеуге болатын (жеуге болмайтын) заттар. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекет)</p>	<p>Хайыржанов Айсұлтан Умиржанова Линда Дидактикалық ойын. «Шектес сандарды ата». Мақсат-міндеттері. Балалардың ойынға қызығушылықтарын арттыру, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын ережесі. Бұл ойын үшін бірнеше бөліктен жасалған карточка болу керек. Торкөзге жазылған сандар, ал бір торкөзге сан</p>	<p>Дияр Айша Калекенова Алия Балалармен "Көлік" тақырыбында әңгімелесу. Сюжетті-суреттер қарастыру. Сұрақтар қою. Балалардың сұрақтарға толық жауап беруін талап ету. (қарым-қатынас іс-әрекет)</p>	<p>Мереке Әмір Серік Әміре "Көлік түрлері" тақырыбында әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Оразақын Асқар "Машина". Машина істе-серігің, Жолға шықсаң-көлігің. Айта қойшы, сен, інім, Шығаратын оны кім? Тас қорытып домнада Металл құйса құрышшы, Машинаны заводта</p>	<p>Амангелді Амир Ербулат Мадина Қауіпсіздік ережелері жайлы әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Бала тілін дамыту. Зайда Елғондинова "Светофор". Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса қызыл шырағы: "Тоқта, жолдас!"-дегені. Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса сары шырағы: "Ал, дайындал!"-дегені.</p>

		жазылмайды. Балалар сол жоқ санды тауып алып атау керек. Ойын бірнеше рет қайталанады. (танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)		Жасар іскер жұмысшы. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Көшеде ол тұрады, Көрмей қалма сен оны. Жанса жасыл шырағы: "Ал, өте бер!"- дегені. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	Картотека №20	Картотека №23	Картотека №24	Картотека №21	Картотека №22
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың балабақшадағы жетістіктері туралы ата-анасына айту. Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы

Топ: «Болашақ» мектепалды тобы

Бала жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 13.11 - 17.11.2023ж.

Тәрбиеші: А.Б.Пазыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 13.11.2023ж	Сейсенбі 14.11.2023ж	Сәрсенбі 15.11.2023ж	Бейсенбі 16.11.2023ж	Жұма 17.11.2023ж
Балаларды қабылдау	Қабылдау: балаларды тексеру, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Музыка****				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Сауат ашу Д.о: “Затты сипатта” Міндеті: Заттарды көріп сипаттау арқылы, сөздік қорын дамыту.	Математика негіздері Д.о: “Тіктөртбұрыш пішінді тап!” Міндеті: Суреттің ішінен тіктөртбұрыш пішіндерді тауып, бояйды.	Сөйлеуді дамыту Д.о: “Сөздік қорын толықтыру!” “Қандай?, Қай?” сұрақтарына жауап беру.	Қазақ тілі*** Д.о: “Отбасылық тойлар!” Міндеті: отбасы мүшелерін атап айту. Сурет бойынша әңгіме құрастыру.	Д.о: “ Артығын тап!” Міндеті: Сурет бойынша артығын тауып қоршайды.
Ертеңгілік жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Музыка**** Дене шынықтыру**				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Қазақ тілі***				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Суреттерді орналастыр» ойыны. Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.				

	<p>Ойынның құрал-жабдықтары: торкөз салынған қағаз беттері, әртүрлі суреттер. Ойынның мазмұны. Балалар берілген суреттерді әр бағанмен жолға олардың бірі ғана келетіндей етіп, шаршы торкөздерге орналастырады. (танымдық іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Сауат ашу негіздері "[д] дыбысы және Д д әрпін қайталау" Мақсат-міндеттері: [д] дыбысы және Д д әріптермен таныстыру. Артикуляция бойынша дыбыстарды дұрыс айтуды қайталау.</p> <p>Қазақ тілі "Орман жануарлары." Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы жабайы жануарлар, олардың тіршілік ету ортасы және тамақтануы туралы білімдерін кеңейту; аналық жануарлардың атауларымен таныстыру; төлдерінің аттарын бекіту; «Қасқырды қанша асырасаң да,</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[ы] дыбысы және Ы ы әрпі". Мақсат-міндеттері:[ы] дыбысын таныстыру.</p> <p>Математика негіздері "Хайуанаттар бағындағы аңдарды көрдің бе?" Мақсат-міндеттері. Балалардың "жеті" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру.</p> <p>Музыка "Музыкалық сағат". Мақсат-міндеттері. Балалардың бақа туралы әнге қызығушылығын</p>	<p>Математика негіздері "Хайуанаттар бағындағы аңдарды көрдің бе?" (пысықтау) Мақсат-міндеттері: балалардың "жеті" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру.</p> <p>Қазақ тілі Т-Д дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларға [-т], [-д] дыбыстарын, Т т, Д д әріптерін</p>	<p>Математика негіздері "Жеті күн қасиеті". Мақсат-міндеттері. Балаларға апта күндерінің белгілі тізбекте тұратыны туралы ұғымдары қалыптастыру, атауларын жаттату; жеті саны қатысатын ертегілер мен ұғымдарды пысықтау; «жеті қазына» және адамның өміріндегі жеті санымен байланысты ұғымдарды топтастыруды үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі» пысықтау.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[ы] дыбысы және Ы ы әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері: [ы] дыбысы және әрпі туралы білімін пысықтау. [ы] дауысты дыбыс екенін аңғарту, сөзді оқу, жазу, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Алға жылжи отырып бір аяқпен секіру". Мақсат-міндеттері. Балаларды алға жылжып, бір аяқпен секіру, екінші аяқпен үрмелі допты алға домалатуды үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет «Қоянның үйшігі» орыс халық ертегісі қойылымын қарау" пысықтау.</p>

<p>орманға қарап ұлиды» мақалының негізінде жабайы табиғат туралы түсінігін дамыту; интеллектуалды карталарды модельдеу және қарапайым сөйлемдерді құру негізінде жабайы жануарлардың өмірі туралы қазақ тілінде әңгімелеуді үйрету; есту қабілеті мен зейінін, жадын, эмоцияларын дамыту; достыққа, жануарлар әлеміне қамқорлық танытуға тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру "Мергендікті шындайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға оң және сол аяқтарымен кезектесіп заттардың арасымен (арақашықтығы 3 м) жүгіруді үйрету.</p>	<p>арттыру; әннің сөздік мағынасын эмоционалды қабылдауды үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліпшесі". Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру.</p>	<p>таныстыру; Т т, Д д әріптерін ауада жазып көрсету; [-т], [-д] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуды дағдыландыру; [-т], [-д] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-т], [-д] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып, сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру, ойын тиянақты жеткізе білуге баулу,</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіруді пысықтау.</p> <p>Музыка "Ертегілер әлемі". Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілді музыкаға қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдауды үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Табиғат ғажайыптары". Мақсат-міндеттері. Балалардың табиғат туралы түсініктерін кеңейту; жаңбырдың табиғаттағы су айналымының айнымас бөлігі екеніне көз жеткізу; аврора және кемпірқосақ сияқты табиғи</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларды үлкендермен және құрдастарымен диалог құруды, ойнау, сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасауға түрткі болу; көркемсөзді қолданып, қысқаша сипаттама беруді пысықтау.</p> <p>Құрастыру "Чунга-Чанга аралынан пошта келді". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатты қағазды екіге және бірнеше рет қайтара бүктеу әдісі бойынша пілді құрастыруды үйрету.</p> <p>Сурет салу "Піл қонаққа келді". Мақсат-міндеттері. Балаларды пілдің бейнесін салуға үйрету; дене бөліктерінің пішінін</p>
---	---	--	---	--

	<p>Қоршаған ортамен таныстыру "Аңдар неге ұйқыға кетеді?" Мақсат-міндеттері. Балаларға жабайы жануарлардың қысқы уақытқа дайындығы, қыста қалың ұйқыға батуы, тіршілігі туралы білімдерін ойын жағдайлары арқылы бекіту; жануарлар өміріндегі өзгерістердің өлі табиғаттағы өзгерістерге тәуелділігін анықтауды үйрету.</p>		<p>байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу. Төзімділікке, ұқыпты, әдемі, таза жазуға дағдыландыру. Жабайы жануарлардың мекені, қоректенуі туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Дене шынықтыру "Түрлі нысандарды көздеп түсіру". Мақсат-міндеттері. Балаларға адымдап алға қарай жүру; доғаның астымен қолына допты ұстап еңбектеу (биіктігі 50 см); тепе-теңдікті сақтай отырып, орындықтың үстімен текшелерден аттап жүруді үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет</p>	<p>құбылыстардың айырмашылықтары туралы түсініктер беру.</p>	<p>дұрыс бере білу дағдыларын дамыту. Жапсыру "Көңілді піл". Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі түсті қағаздардан піл бейнесін құрастырып жапсыруға үйрету; ұсақ бөлшектермен жұмыс жасау қабілеттерін дамыту. Мүсіндеу "Піл". Мақсат-міндеттері. Балаларды ермексаздан пілдің дене бөліктерін мүсіндеуге үйрету; жануарлардың ерекшеліктерін бере білуге баулу.</p>
--	--	--	--	--	--

			«Қоянның үйшігі» орыс халық ертегісі қойылымын қарау. Мақсат-міндеттері. Балаларға үлкендер және құрдастарымен диалог құруды; ойнау, сөйлесу арқылы қарым-қатынас жасауды; көркемсөзді қолдануды, қысқаша сипаттама беруді үйрету.		
Серуенге дайындық	Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Серуен	Картотека №1	Картотека №5	Картотека №3	Картотека №2	Картотека № 4
Серуеннен оралу	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Түскі ас	Математика негіздері –коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі. Қазақ тілі*				
Күндізгі ұйқы	Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық әрекет: түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу. Музыка****				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастылы). Аяқ массажы. Мақсат-міндеттері. Төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатынын үйрету. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау . (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				

Бесін ас	Ас адамның арқауы. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өздері отырып тұру тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу майлықты қолдану керектігін еске түсіру тамақ ішер алдында балалар бір біріне астың дәмді болуын тілеп тамақтан соң алғыс айтулары керек екенін айту. Қазақ тілі***				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Д.о. “Кім тез жинайды!” Міндеті: Көкөністермен жемістерді ажырата білуге үйрету, қызығушылықтарын арттыру.	Үстел үсті ойыны. Міндеті: Балалармен бірлесіп конструктордан “Көлік” құрастыру.	Кітап бұрышымен таныстыру, кітаптағы ертегіні суретіне қарап айту.	«Ертегіні сахналап көрсет» ойыны. Міндеті: “Аққу қаз” ертегісін еске түсіріп, сахналау арқылы көрсетеді.	Д.о. “Тез жауап бер” ойыны Міндеті: Түстерді, пішіндерді, дұрыс айта білуге дағдыландыру.
Балалармен жеке жұмыс	Махамбет Темірлан Амангелді Амир Үстел үсті ойындары. "Бұл қай кезде болады?" Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері, оларға тән белгілер туралы білімдерін бекіту (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті)	Дияр Айша Утегенов Уалихан «Оң және сол». Мақсат-міндеттері. Үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. (танымдық іс-әрекет)	Ербулат Мадина Мақсот Медина «Суреттерді орналастыр». Мақсат-міндеттері. Заттарды топтастыруға жаттықтыру дамыту. (танымдық іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)	Калекенова Алия Мереке Әмір Көркемсөздер айтқызу. Д.Ахметова "Кірпіжан". - Кірпіжан, кірпіжан, Қайда жортып барасың? Орманнан, орманнан Нені іздеп аларсың? (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Серік Әміре Алдияр Ясмин Көркемсөздер айтқызу. Жүсіп Қыдыров "Қасқыр". Көрдіңіз бе, эне, аға, Атам қуған арланды! Түнде шауып қораға Дүркіреткен бар малды. Қолға түсіп қалыпты, Сыбағасын алыпты. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	Киіну: серуенге шығу.				
Серуен	Картотека №1	Картотека №5	Картотека №3	Картотека №2	Картотека №4
Балалардың үйіне қайтуы	Балалардың балабақшадағы жетістіктері туралы ата-анасына айту.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы

Топ: «Болашақ» мектепалды тобы

Бала жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 20.11 - 24.11.2023ж.

Тәрбиеші: А.Б.Пазыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 20.11.2023ж	Сейсенбі 21.11.2023ж	Сәрсенбі 22.11.2023ж	Бейсенбі 23.11.2023ж	Жұма 24.11.2023ж
Балаларды қабылдау	Қабылдау: балаларды тексеру, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Музыка****				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Сауат ашу Д.о: “Сөз ойла,тез ойла” Міндеті: Дыбысқа сөз ойлап, сөздік қорын дамыту.Ойын арқылы тапқырлыққа баулу.	Математика негіздері Д.о: “Шаршы құрастыр” Міндеті: Баларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.	Сөйлеуді дамыту Д.о: “Тез-ақырын!” Міндеті: Балаларға тақпақтарды, жаңылтпаштарды тез және ақырын айтуға үйрету.	Қазақ тілі*** Д.о: “Салт-дәстүрлерді ата!” Міндеті: Салт-түрлерін атап,бала өз ойын анық айта алады.	Д.о: “Кім тез жинайды” Міндеті: Сурет бойынша артығын тауып қоршайды.
Ертеңгілік жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Музыка**** Дене шынықтыру**				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын! Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Қазақ тілі***				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>«Вагондарға дөңгелек таңдау». Ойынның мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді ажыратуды, қасиеттерін тануды үйрету, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны. Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[м] дыбысы және М м әрпі". Мақсат-міндеттері: [м] дыбысы мен оның әріп таңбасы туралы түсінік беру. Сөздегі дыбыстарды екпін түсіріп айту арқылы тауып, түрлерін ажырата білу дағдыларын арттыру. Қазақ тілі "Оқтауы бар түлкі" ертегісін әңгімелеу. Мақсат-міндеттері. «Оқтауы бар түлкі» ертегісінің сюжетін еске түсіру; өлшемнің үш түрі: үлкен, орта, кішкентай</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[м] дыбысы және М м әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері: [м] дыбысы мен оның әріп таңбасы туралы түсінік беру. Сөздегі дыбыстарды екпін түсіріп айту арқылы тауып, түрлерін ажырата білу дағдыларын арттыру. Математика негіздері "Аптаның жеті күні". Мақсат-міндеттері. Балаларға уақыт бөліктері, апта күндері туралы түсініктерін кеңейту, апта күндерінің аталуын меңгерту;</p>	<p>Математика негіздері "Аптаның жеті күні" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Балаларға уақыт бөліктері, апта, апта күндері туралы түсініктерін кеңейту, апта күндерінің аталуын меңгерту; геометриялық пішіндерді ажыратуды, әртүрлі заттар құрауды пысықтау. Қазақ тілі Ш-Ж дыбысы (артикуляциясы,</p>	<p>Математика негіздері "Жыл мезгілдерінің саны неге төртеу?" Мақсат-міндеттері. Балалардың "сегіз" саны туралы ұғымдарын қалыптастыру, оны тану, атай білу іскерлігін жетілдіру; "сегіз" жиын санын құрайтын екі ең кіші элемент түрлері жайлы түсінігін дамыту. Сөйлеуді дамыту "Аңдардың қысқа дайындығы" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Жануарлар әлемі туралы түсінік беруді пысықтау.</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[л] дыбысы және Л л әрпі". Мақсат-міндеттері: [л] дыбысы және Л л әрпімен таныстыру. Дене шынықтыру "Биіктігі 60 см кедергі заттар арқылы өрмелеп өту". Мақсат-міндеттері. Балаларға биіктігі 60 см кедергі заттар арқылы өрмелеп өтуді үйрету. Көркем әдебиет "Күн астындағы Күнекей қыз" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұнын</p>

<p>ұғымдарын бекіту; эмоциялар туралы түсініктерді дамыту; адам қонаққа барғанда сыпайы мінез-құлық көрсетуі; жануарлар туралы, ертегілердің жанры туралы білімдерін кеңейту; қазақ тіліндегі ертегінің мазмұнын түсінуді, ертегі кейіпкерлерінің жиі қайталайтын сөз тіркестерін және сөздерін еске сақтауды үйрету; сөйлеудің эмоционалдылығы мен экспрессивтілігін дамыту; ертегілердегі жануарлардың кейіпкерлерінің мінезі адам мінезіне ұқсайтынын түсінуге жағдай жасау; есту</p>	<p>геометриялық пішіндерді ажыратуды, әртүрлі заттар құрауға жаттықтыру.</p> <p>Музыка "Ертегі желісін жалғастыр". Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілді музыкаға қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдауды үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Аңдардың қысқа дайындығы". Мақсат-міндеттері. Жануарлар әлемі туралы түсінік беру.</p>	<p>тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларды [-ш], [-ж] дыбыстары және Ш ш - Ж ж әріптерімен таныстыру; Ш - Ж әріптерін ауада жазып көрсету; [-ш], [-ж] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, есту арқылы ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-ш], [-ж]</p>	<p>Музыка "Желдің әнімен тербелейік". Мақсат-міндеттері. Балалардың желтоқсан туралы әнге қызығушылық танытуын арттыру; әннің мазмұнын эмоционалды қабылдауды және музыкадағы контрастылы бөлімдерді ажыратуды үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Желдің күші". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында жел туралы түсініктерін қалыптастыру; желмен тәжірибелік жұмыс жасауды үйрету.</p>	<p>жете түсіндіріп, оны тыңдауға деген қызығушылығын ояту; өз ойын қиялымен ұштастыра отырып, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажырата білуді пысықтау.</p> <p>Сурет салу "Ұшатын кілем". Мақсат-міндеттері. Балаларды тіктөртбұрыш пішінін түрлі қарапайым оюлардың элементтерімен безендіруді үйрету.</p> <p>Жапсыру "Оюлы кілем". Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі түсті қағаздардан ою элементтерін қиып, кілем бейнесін жапсыруға үйрету;</p>
--	---	--	---	--

	<p>және визуалды еске сақтау, ойлау, үйлесімді сөйлеу негізін, коммуникативті және әлеуметтік дағдыларын дамыту.</p> <p>Дене шынықтыру "Бір аяқпен кезек-кезек секіру". Мақсат-міндеттері. Балаларды түрлі жылдамдықпен баяу не жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2 мин тоқтаусыз жүгіру; қосалқы қадаммен арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді үйрету.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Балық аулаудың бабы". Мақсат-міндеттер. Балаларға адамның және жабайы</p>		<p>дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөзін басында, ортасында, аяғында) тауып көрсетуді үйрету; [-ш], [-ж] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру.</p> <p>Дене шынықтыру "Бір аяқпен кезек-кезек секіру" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Балаларға түрлі жылдамдықта баяу және жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2</p>		<p>өрнектерді үйлесімді орналастыру дағдыларын дамыту.</p> <p>Мүсіндеу "Әсем кілем". Мақсат-міндеттері. Балаларды ермексаздан қарапайым ою-өрнектер жасап, кілем бетін безендіруге үйрету; саусақ икемділіктерін дамыту.</p> <p>Құрастыру "Сиқырлы кілем". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағазды бүктеу және безендіру арқылы кілем құрастыруға үйрету; шығармашылық қиялдарын дамыту.</p>
--	--	--	---	--	---

	<p>аңдардың қысқы тіршілігінің жазғы тіршіліктен айырмашылығын балықты аулау мысалында, бақылау барысында көрсету; балаларды еңбекті және объектілерді бақылауда зеректігін ұштау; адамның жалдың екі мезгілінде балық аулау еңбегін салыстырып, ортақ ұғымдарды табуға машықтандыру.</p>		<p>мин тоқтаусыз жүгіру; қосалқы қадаммен арқан бойымен тепе-теңдікті сақтап жүруді пысықтау. Көркем әдебиет "Күн астындағы Күнекей қыз". Мақсат-міндеттері. Ертегі мазмұнын жете түсіндіріп, оны тыңдауға қызығушылығын ояту; өз ойын қиялымен ұштастыра отырып, жағымды-жағымсыз кейіпкерлерді өздігінен ажыратуды үйрету.</p>		
Серуенге дайындық	Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
Серуен	Картотека №6	Картотека №10	Картотека №7	Картотека №8	Картотека № 9
Серуеннен оралу	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету				

Түскі ас	Математика негіздері –коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі. Қазақ тілі*				
Күндізгі ұйқы	Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық әрекет: түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу. Музыка****				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Музыка – шығармашылық әрекет:балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту. Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер: реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру. Музыка**** Дене шынықтыру**				
Бесін ас	Ас адамның арқауы. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өздері отырып тұру тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу майлықты қолдану керектігін еске түсіру тамақ ішер алдында балалар бір біріне астың дәмді болуын тілеп тамақтан соң алғыс айтулары керек екенін айту. Қазақ тілі***				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Сюжетті-рөлдік ойын. "Ойыншықтар" дүкені". Мақсат-міндеттері. Балалардың ойыншықтар дүкені жөніндегі ұғымдарын тиянақтау; сатушы мен сатып алушы рөлдеріндегі әрекеттерді игерту; жағымды қарым-қатынастарға тәрбиелеу. Құралдар: сөрелер, ойыншықтар, ойыншық смартфондар, төлем	Сюжетті-рөлдік ойын. "Сұлулық салоны". Мақсат-міндеттері. Балалардың сұлулық салоны қызметкерлері (шаштараз, маникюр, педикюр шебері, бет әрлеуші) мамандықтары жайында ұғымдарын тиянақтау; нәтижелі қарым-қатынастарға, жауапкершілікке,	Сюжетті-рөлдік ойын. "Цирк". Мақсат-міндеттері Балалардың түсінігінде циркте қызмет ететін өнерпаздар (сайқымазақ, гимнаст, сиқыршы, жонглер, жануарларды жаттықтырушы) жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; цирк өнерпаздарының	Сюжетті-рөлдік ойын. "Кемемен саяхат". Мақсат-міндеттері. Балаларға кемемен саяхаттау қалай өтетіні туралы, теңіз порты қандай орын екенін түсіндіру; кеме капитаны, даяшы, күтушілер, есепші, бақылаушы полиция сияқты мамандықтар туралы ұғымдар қалыптастыру; кемедегі жолаушылар саяхат кезінде қандай	Сюжетті-рөлдік ойын. "Туған күн". Мақсат-міндеттері. Балалардан туған күн ұғымын қалай түсінетіндерін рөлдік ойын барысында анықтау; отбасыда туған күнді атап өту дәстүрі жайында білімдерін кеңейту; жақынға сүйіспеншілікке, достыққа тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет. зерттеу іс-

	карточкалары, сөмкелер, ақшаны білдіретін қағаздар. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	сыпайылыққа тәрбиелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	жұмысын түсіндіру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	тәртіпті ұстанатыны туралы жаңа білімдерін пысықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)	әрекеті, еңбек іс-әрекеті)
Балалармен жеке жұмыс	Мақсат Медина Дияр Айша Утегенов Уалихан BilimKids бейнематериалы "Дыбыс толқыны" (танымдық іс-әрекет) (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Амангелді Амир Ербулат Мадина Артикуляциялық жаттығулар. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Алдияр Ясмин Махамбет Темірлан Бала тілін дамыту. Тақпақ жаттау. "Бақа". Келсем көлге жақындап, Жағың тынбас бақылдап. Ауырмай ма таңдайың, Күні бойы тақылдап? (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Серік Әміре Умиржанова Линда Хайыржанов Айсұлтан Жұмбақтар мен жаңылтпаштарды қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Калекенова Алия Мереке Әмір "Кім, қайда тұрады" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Картотека №6	Картотека №10	Картотека №7	Картотека №8	Картотека №9
Балалардың үйіне қайтуы	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы

Топ: «Болашақ» мектепалды тобы

Бала жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 27.11 - 01.12.2023ж.

Тәрбиеші: А.Б.Пазыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 27.11.2023ж	Сейсенбі 28.11.2023ж	Сәрсенбі 29.11.2023ж	Бейсенбі 30.11.2023ж	Жұма 01.12.2023ж
Балаларды қабылдау	Қабылдау: балаларды тексеру, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Музыка****				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға баланың балабақшадағы тәртібі туралы айту; ата-аналарды мазалап жүрген сұрақтарға жауап беру.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Сауат ашу Д.о: “Кім тапқыр?” Міндеті: Берілген дыбыстын орнын таба білуге машықтандыру. Ойын арқылы тапқырлыққа баулу.	Математика негіздері Д.о: “Зат неге ұқсайды?” Міндеті: Геометриялық денелермен фигуралар туралы білімдерін бекіту.	Сөйлеуді дамыту Д.о: “Сөздік қорын толықтыру” Міндеті: “Қандай?” сұрағына жауап беру.	Қазақ тілі*** Д.о: “Тілек айт!” Міндеті: Баларды тілек айтуға, өз ойын анық айтуға дағдылау.	Д.о: “Көленкесін тап!” Міндеті: Сурет бойынша суреттердің көленкесін таба алады.
Ертеңгілік жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Музыка**** Дене шынықтыру**				

<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар Қажет болған жағдайда майлықты қолдану дағдысын бекіту. Көркемсөз Су деген — өмір көзі, Тіршіліктің нәрі бұл. Су болмаса оянбайды, Табиғаттың барлығы. Таза болсаң судай бол, Бәрін жуып кетірген. Жақсы болсаң жердей бол, Бәрімізді өсірген. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>«Суреттер құрастыру». Мақсат-міндеттері. Балаларға бірнеше шағын суреттен мазмұны бір үлкен суретті құрастыруды үйрету; әңгіме құрастыру, тіл байлығы мен ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға балалардың қызығушылығын арттыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p>				
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[л] дыбысы және Л л әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері: [л] дыбысы мен әрпін таныту, сөз ішіндегі [л] дыбысының ерекшелігін меңгерту, [л] дыбысы арқылы</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[қ] дыбысы және Ққ әрпі". Мақсаты: [қ] дыбысы мен әрпін таныстыру, сөздерге дыбыстық талдау жасауды үйрету. Буындарды, қысқа сөздерді оқуға үйрету.</p>	<p>Математика негіздері "Жыл мезгілдерін ажырата білесің бе?" қайталау Мақсат-міндеттері. Балаларда "сегіз" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білуді жаттықтыруды пысықтау.</p>	<p>Математика негіздері "Қазақстан жерінің есепсіз байлығы". Мақсат-міндеттері. Балалардың он көлеміндегі сандарды тура және кері санау дағдыларын үйрету; Қазақстан жерінің есепсіз байлығын</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[қ] дыбысы және Ққ әрпін қайталау, әріп таңбасын жазу" Мақсат-міндеттер: [қ] дыбысымен және әрпімен таныстырып, сөздерге дыбыстық талдау жасап білуге үйрету.</p>

<p>берілген сөздерді оқыту.</p> <p>Қазақ тілі Қысқы табиғат құбылыстары. Балалар қысты қарсы алады. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы қыс мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту; аяз туралы түсінік беру; жұмбақтар, өлеңдер, әңгімелер туралы түсініктерін бекіту; табиғат пен адамның өзара байланысы; қысқы құбылыстардың ерекшеліктері туралы түсініктерін дамыту; қазақ тіліндегі жұмбақтар, өлеңдер мен әңгімелерді</p>	<p>Математика негіздері "Жыл мезгілдерін ажырата білесің бе?" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы "сегіз" саны мен цифры туралы түсініктерін қалыптастыру, оны тану, атай білуді жаттықтыру.</p> <p>Музыка "Желтоқсан". Мақсат-міндеттері. Балалардың желтоқсан туралы әнге қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге және музыкадағы контрастық бөлімдерді ажыратуды үйрету.</p>	<p>Қазақ тілі С-З дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). Мақсат-міндеттері. Балаларды [-с], [-з] дыбыстары және С с, З з әріптерімен таныстыру, әріптерді жазуды көрсету; [-с], [-з] дыбыстарының нақты артикуляциялық қалпын қалыптастыру, естіп, ажыратуды үйрету, буындарда, сөздерде дұрыс айтуға дағдыландыру; [-с], [-з] дыбыстарын сөздің кез келген жерінен (сөздің басында, ортасында, аяғында) тауып көрсете білуге үйрету; [-с], [-з] дыбыстары кездесетін сөзге мысал келтіріп, сол сөздерді</p>	<p>білдіретін таңбалауыштарды он санының көлемінде сәйкестендіруді үйрету.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Кел, жаттайық! Ә. Асылбеков «Әдептілік әліппесі" пысықтау. Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіруді пысықтау.</p> <p>Музыка "Отаным". Мақсат-міндеттері. Балалардың бойында туған жеріне мақтаныш сезімін ән айтқызу арқылы қалыптастыру; музыка</p>	<p>Дене шынықтыру "Хоп-фитболдармен секіру" Мақсат-міндеттері. Балаларға хоп-фитболдармен (секіргіш гимнастикалық доптар) секіруді үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет "Ә. Дүйсенбиевтің «Қыс» өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу" қайталау. Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезінуді үйретуді пысықтау.</p> <p>Мүсіндеу "Қыс ғажабы".</p>
--	--	--	---	---

<p>ажыратуды және сөйлем құрастыра білуге дағдыландыру; сөздерді нақты дыбыстармен айтуды үйрету арқылы артикуляцияны дамыту; қыста және жылдың басқа уақыттарында табиғат құбылыстарын салыстыруды үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Арақашықтықты сақтаймыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға қадамды алмастыра жүру; орнынан биіктікке секіру; құрсаудың ішіне кіру (биіктігі 50 см), көлбеу басқышқа шығу; шеңбер жасағанда</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Кел, жаттайық! Ә. Асылбеков «Әдептілік әліппесі». Мақсат-міндеттері. Өлеңде кездесетін сөздердің мағынасын түсіндіру.</p>	<p>қатыстырып сөйлем құрастыру арқылы сөздік қорларын толықтыру; қыс мезгілі туралы түсініктерін кеңейту; қыс мезгілінің туралы өз ойын тиянақты жеткізе білуге баулу, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу.</p> <p>Дене шынықтыру "Қаппен қалай секіреді?" Мақсат-міндеттері. Балаларға жүру мен жүгіруді қайталап кезектестіру; арқаннан аттап секіру; допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5-2 м) басынан асыра лақтыруды үйрету; қадамды алмастыра жүру дағдыларын дамыту.</p> <p>Көркем әдебиет "Ә. Дүйсенбиевтің «Қыс» өлеңін жаттау.</p>	<p>жетекшісімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Қысқы құбылыстардың сыры". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс және басқа жыл мезгілдеріне тән құбылыстарды пысықтау; қысқы құбылыстар жөнінде ұғымдарын тиянақтау, түсініктерін кеңейту; кез келген ауа райын болжай білу қабілеттерін жобаны құрастыруда пысықтау; көркемсөздің мағынасы мен әдемілігін, даладан бақылаған</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларды мүсіндеудің "есу", "домалақтау", "шиыршықтау" әдістерін пайдаланып, ұлпа қарды мүсіндеуді үйрету.</p> <p>Сурет салу "Қар жауып тұр". Мақсат-міндеттері. Балаларды қыс көрінісін бейнелеуге үйрету; қар ұлпаларын қағаз бетіне әсем орналастыру дағдыларын дамыту.</p> <p>Жапсыру "Ақша қар". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаздан қар ұлпаларын қиып жапсыруға үйрету; ұқыптылық пен әсемдікке тәрбиелеу.</p>
--	---	--	---	--

	<p>қолды жан-жаққа созып тік тұру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Қоршаған ортамен таныстыру "Қыстың сыры". Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғаттағы, ауа райындағы, өсімдіктер әлеміндегі, адамдардың киіміндегі қарапайым маусымдық өзгерістерді байқауға шақыру; табиғат күнтізбесіндегі табиғат пен ауа райының жай-күйін бақылау нәтижелерін белгілеуді үйрету.</p>		<p>Мазмұны бойынша әңгімелеу". Мақсат-міндеттері. Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Табиғат құбылыстарының сұлулығын сезінуді үйрету.</p>	<p>құбылыстардың әсемдігін байқауға баулу; зеректікке, зияткерлікке, достыққа тәрбиелеу.</p>	<p>Құрастыру "Қысқы орман". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаздан қысқы ағаштар мен қар бейнесін құрастыруға үйрету; шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау</p>				

Серуен	Картотека №11	Картотека №15	Картотека №13	Картотека №14	Картотека № 12
Серуеннен оралу	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету				
Түскі ас	Математика негіздері –коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі. Қазақ тілі*				
Күндізгі ұйқы	Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық әрекет: түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу. Музыка****				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Музыка – шығармашылық әрекет:балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту. Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер: реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру. Музыка**** Денешынықтыру**				
Бесін ас	Ас адамның арқауы. Үстел басына қолды жуғаннан кейін отыру, орындыққа өздері отырып тұру тамақты төгіп шашпай ұқыпты ішу майлықты қолдану керектігін еске түсіру тамақ ішер алдында балалар бір біріне астың дәмді болуын тілеп тамақтан соң алғыс айтулары керек екенін айту. Қазақ тілі***				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Д.о. “Үй жануарлары!” Міндеті: Үй жануарларының дене мүшелерін атауға,ажыратуға үйрету.	Үстел үсті ойыны. Міндеті: Балалармен бірлесіп конструктордан “жануар” құрастыру.	Кітап бұрышымен таныстыру, кітаптағы ертегіні суретіне қарап айту.	«Ертегіні сахналап көрсет» ойыны. Міндеті: “Қарылғаштың құйрығы неге айыр?” ертегісін еске түсіріп, сахналау арқылы көрсетеді.	Д.о. “ Тез жауап бер!” ойыны Міндеті: Түстерді, пішіндерді, сапасын дұрыс атай білуге дағдыландыру.
Балалармен жеке жұмыс	Серік Әміре Дияр Айша Алдияр Ясмин "Жұмбақты ойдан шығару" жаттығуы.	Умиржанова Линда Ербулат Мадина «Кейіпкердің сөздерін жалғастыр» дамытушы ойыны.	Мақсот Медина Амангелді Амир Жыл мезгілі туралы әңгіме. Мақсат-міндеттері. Қарапайым	Калекенова Алия Утегенов Уалихан Бала тілін дамыту. Тақпақ жаттау. Төлеу Шахановтың тақпақтары.	Мереке Әмір Махамбет Темірлан Хайыржанов Айсұлтан Шығармашылық

	<p>Мақсат-міндеттері. Балалардың ойлау, елестету, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру; дүниетанымын кеңейту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын пысықтау; кейіпкерлейдің сөздерін жаттап алуға құштарлығын арттыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап беру қабілеттерін жетілдіру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)</p>	<p>"Тиін". - Андып тұрған жау жоқ па?- Деп, қарайды ол жан-жаққа. Шыбын жаны тәтті ғой, Тәтті-ау, бірақ жаңғақ та. "Бақа". Келсем көлге жақындап, Жағың тынбас бақылдап. Ауырмай ма таңдайың, Күні бойы тақылдап? (қарым-қатынас іс-әрекеті)</p>	<p>уақыты. "Ғажайыптар қалашығы". Мақсат-міндеттері. Балалардың түрлі материалдардан (лего, құм) құрылыс жасауға құштарлығын жетілдіру. (шығармашылық іс-әрекеті)</p>
Серуенге дайындық	<p>Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық даңдылар, дербес әрекет)</p>				
Серуен	Картотека №11	Картотека №15	Картотека №13	Картотека №14	Картотека №12
Балалардың үйіне қайтуы	<p>Жоба ұйымдастыру. "Жаңа жыл мерекесіне арналған көрме". Жаңа жыл көрмесіне шырша жасау.</p>				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: «Аманат» жеке балабақшасы

Топ: «Болашақ» мектепалды тобы

Бала жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.12- 08.12.2023ж.

Тәрбиеші: А.Б.Пазыл

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 04.12.2023ж	Сейсенбі 05.12.2023ж	Сәрсенбі 06.12.2023ж	Бейсенбі 07.12.2023ж	Жұма 08.12.2023ж
Балаларды қабылдау	Қабылдау: балаларды тексеру, оларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау. Музыка****				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес іс-әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа іс-әрекеттер)	Сауат ашу Д.о: “Сөз ойла, тез ойла” Міндеті: Берілген дыбыстын сөз ойлап, сөздің дауысты дыбыстарды ажыратады. Ойын арқылы тапқырлыққа баулу.	Математика негіздері Д.о: “Біреуі артық” Міндеті: Ойлау қабілетің дамыту, заттарды топтастыра білуге үйрету.	Сөйлеуді дамыту Д.о: “Жанылтпаштар таз айт!” Міндеті: Сөздік қорын байыту.	Қазақ тілі*** Д.о: “Мен қандаймын?” Міндеті: Бала өз бойындағы қасиеттері мен қылықтарын таразылап айтуға үйрету.	Д.о: “Көңілді қыс” Міндеті: Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейтіп, сөздік қорын байыту. Сұраққа нақты жауап беріп, сурет мазмұнына сай әңгіме құрап айтуға үйрету.
Ертеңгілік жаттығу	Таңертеңгі жаттығу кешені (қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Музыка**** Дене шынықтыру**				
Таңғы ас	Астарың дәмді болсын!				

	Ас уақытында балаларға тамақты таусып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. Қазақ тілі***				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Кіріктірілген ҰІӨ байланысты әр кезеңге орай суреттер, түрлітүті қағаз, желім, ермексаз, т.б. әзірлеп қою.				
Ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Сауат ашу негіздері "[е] дыбысы және Е е әрпі". Мақсат-міндеттері: [е] дыбысы және әрпі жайлы түсініктер қалыптастыру. [е] дыбысы мен әрпін оқуды, жазуды меңгерту.</p> <p>Қазақ тілі Қазақстанның қазба байлықтары. Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы Қазақстан және оның табиғи байлықтары туралы білімдерін кеңейту; ауыз су, көмір, бидай, мұнай, кен, газ, көл, теңіз, дала, тау, орман сөздерінің мағынасын</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[е] дыбысы және Е е әрпін қайталау". Мақсат-міндеттері: [е] дыбысы және әрпі жайлы түсініктер қалыптастыру. [е] дыбысы мен әрпін оқуды, жазуды меңгерту.</p> <p>Математика негіздері "Туған жеріміз - Қазақстан!" Мақсат-міндеттері. Балаларды 1-ден 8-ге дейін тура және кері жылдам санауға жаттықтыру; заттар жиыны мен цифрларды</p>	<p>Математика негіздері "Туған жеріміз - Қазақстан!" (пысықтау). Мақсат-міндеттері: балаларды 1-ден 8-ге дейін жылдам тура және кері санауға жаттықтыру; заттар жиыны мен цифрларды сәйкестендіруді меңгертуді пысықтау.</p> <p>Қазақ тілі П-Б дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен</p>	<p>Математика негіздері "Жаңа жыл кімнің мерекесі?" Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы бірден сегізге дейінгі сандар туралы түсініктерін және олардың құрамы жөніндегі білімдерін пысықтау; саны сегіз шырша кескіндерінің биіктігін көз мөлшерімен қатарға тізбектеу арқылы салыстыру біліктерін жетілдіру.</p> <p>Сөйлеуді дамыту "Қысқы ертегі" (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Қыс туралы</p>	<p>Сауат ашу негіздері "[ұ] дыбысы және Ұ ұ әрпі". Мақсат-міндеттері: [ұ] дыбысы және Ұ әрпімен таныстыру. Ұ әрпінің таңбасын жазуды үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру "Арқаннан екпінмен қарғу". Мақсат-міндеттері. Балаларды арқаннан (жіптен) секіру кезінде тез және екпінмен қарғуды үйрету.</p> <p>Көркем әдебиет Тәуелсіз елім - Қазақстан! (пысықтау). Мақсат-міндеттері. Өлеңді мәнерлеп оқу,</p>

